

**Педагогикалық кеңестің  
№ 3 хаттамасы**

**Өткізу мерзімі:** 2025 жыл 31 қаңтар

**Тақырыбы:** «Инновациялық технологияларды қолдана отырып дамытушы ойындарды қолдану арқылы балалардың сөздік қорын, тілін дамыту»

**Қатысқан:** педагогикалық ұжым

**Күн тәртібінде:**

1. № 2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.  
Меңгеруші: Ж. Дюсенова
2. 2024-2025 оқу жылындағы балалардың қаңтар айындағы білім деңгейлерінің сараптамасы  
Инновация әдіскері: А.Абдукадировна
3. Педагогтердің ұйымдастырылған ашық іс -әрекеттеріне анықтамасы  
Әдіскер: Л.Дуйсекулова
4. Психологиялық- педагогикалық тренинг  
Педагог - психолог :Т.Туякбаева
5. Балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу туралы  
Меңгеруші: Ж. Дюсенова
6. Дөңгелек үстел: «Инновациялық технологияларды қолдана отырып дамытушы ойындарды қолдану арқылы балалардың сөздік қорын, тілін дамыту»  
Инновация әдіскері: А.Абдукадирова
- 7.Педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау және бекіту  
Меңгеруші: Ж. Дюсенова

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз бастаған балабақшаның меңгерушісі Ж. Дюсенова педагогтерді №3 педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырып, №2 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуына тоқталды. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде қолданылатын дидактикалық материалдар және ұлттық құндылықтарға байланысты үлестірмелі материалдар дайындалып, күнделікті іс-әрекеттер барысында тиімді қолданылып келетінін айтты. Күн тәртібін сақтай отырып, ұйымдастырылған іс-әрекеттерді үлгілік оқу бағдарламасына сай және ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесіне сай жүйелі түрде жүргізуді жалғастыруды ескертті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақшаның инновация әдіскері А.А.Абдукадирова 2024-2025 оқу жылындағы балалардың қаңтар айындағы білім деңгейлерінің сараптамасына тоқталды. Әр топтың бастапқы және аралық деңгейін салыстырмалы көрсеткішінің анықтамасына тоқталды. Жалпы балабақша бойынша аралық мониторингке 10 топтан 282 тәрбиеленушіге бақылау жасалғанын айтты. Оның ішінде деңгей бойынша

Төмен –14%

Орташа –70%

Жоғары - 16% көрсеткіш көрсеткенін айтып өтті. Алдағы қорытынды мониторинг көрсеткіші бұдан жоғары болуы үшін аянбай еңбек етуге шақырды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша сөз сөйлеген балабақшаның әдіскері Л. Дуйсекулова педагогтердің ұйымдастырылған ашық іс - әрекеттеріне дайындаған анықтамасына тоқталды. Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің жоспарының, дидактикалық материалдарының балалардың жас ерекшелігіне сай болуына көңіл бөлуді ескертті. Әр топтың жас ерекшелігіне сай дағдыларды дамыту мақсатында өзінің тиімділігі бар дидактикалық ойындарды қолдану керегін ескертті. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет барысында ұсынылған жаңашылдықтарды күнделікті іс-әрекетте жандандыруды, кеткен кемшіліктердің орнын толтыру үшін нәтижелі жұмыстар жасап, алдағы уақытта өз істеріне үлкен жауапкершілікпен қарауды тапсырды. Тәрбиеленушілерді ойната отырып бойларына ұлттық құндылықты, ұлттық тәрбиені сіңіруді, патриоттық сезімдерін оятуды ұсынды.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша сөз алған балабақшаның педагог-психологі Т. Туякбаева «Бүгінгі арманыңды ертеңге қалдырма!» тақырыбындағы психологиялық тренинг өткізді. Қатысушылардың арманы туралы сөз қозғап, алдыларына мақсат қоя білуге жетеледі.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша балабақшаның меңгерушісі Ж.Дюсенова жыл сайынғы балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізуді ұйымдастыру туралы сөз қозғады. Бағалауды жүргізу үшін алдымен комиссия мүшесі құрылатынын, жоспар бекітілетінін түсіндірді. Жоспарға сай 01.04.2025-24.05.2025 жыл аралығында Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында комиссия мүшелері үлкен жауапкершілікпен өз жұмыстарын атқаруы керегін ескертті.

Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша балабақшаның инновация әдіскері А.Абдукадирова «Инновациялық технологияларды қолдана отырып дамытушы ойындарды қолдану арқылы балалардың сөздік қорын, тілін дамыту» тақырыбындағы дөңгелек үстелге барлық педагогтерді шақырды. Күнделікті іс-әрекетте жаңартылған технологияларды қолдану арқылы балалардың сөздік минимумын, тілін дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйретуге арналған ойын түрлеріне тоқталып, педагогтермен ойындарды ойнатты. Бір-бірімен тәжірибе алмасып, балалық шаққа саяхат жасады. Дидактикалық ойындарды ойнау арқылы балалар жан-жақты дамып, сөздік қорлары молайып, бір-бірімен тығыз қарым –қатынасқа түсетінін айтты. Бұл ойындарды балаларға жеке және топтық жұмыстарды іске асыру барысында қолдану өте маңызды. екенін және ойнап отырып ойландыратын ойындар арқылы зияткерлік қабілеттерінің артатынын сөз етті.

### Шешімдер қабылданды:

1. 2024-2025 оқу жылындағы қорытынды мониторинг көрсеткішін жоғары деңгейге жеткізу үшін тәрбиеленушілермен жұмыстар жүргізілсін

Жауапты: әдіскерлер, тәрбиешілер, педагогтер

2. Педагогтердің ұйымдастырылған ашық іс -әрекеттеріне байланысты берілген ұсыныстармен жұмыс жасап алдағы уақытта үздік нәтижелер көрсетілсін

Жауапты: педагогтер, тәрбиешілер

3. Күнделікті іс-әрекетте жанартылған инновациялық технологиялар жүйелі түрде қолданылсын

Жауапты: әдіскерлер, тәрбиешілер, педагогтер

4. Өзін-өзі бағалауын жүргізуді ұйымдастыру туралы бұйрық шығарылсын

Жауапты: әдіскерлер

5. Осы шешімдердің орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Менгеруші:

Хатшы:



Ж. Дюсенова

А. Қосбармахова

